

Мемлекет пен жекешелендірілуіне байланысты "Кең дала" акционерлік қоғамының қаржылық қатынастарын реттеу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 12 тамыз N 998

"Жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 23 желтоқсандағы N 2721 U952721_ заң күші бар Жарлығы (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 24, 163-бап) мен "Кең дала" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 28 желтоқсандағы N 1884 P951884_ қаулысын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы мен "Кең дала" акционерлік қоғамы арасында пайда болған 62 (алпыс екі) млн, теңге мөлшеріндегі берешек сомасын берілген материалдық-техникалық ресурстар үшін "Кең дала" акционерлік қоғамының есебіне ауыл шаруашылығы өнімін өндірушілер тапсырған 1994 жылдың астығы үшін Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясының мемлекеттік ресурсқа астық сатып алуды қаржыландыру жөніндегі республикалық бюджет берешегі шотына есептесін.

2. Мемлекеттік азық-түлік контракт корпорациясы аталған соманы 1996 жылғы өнімнің астығын мемлекеттік ресурсқа сатып алуды қаржыландыру есебіне есептесін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі "Кең дала" акционерлік қоғамын жекешелендірген кезде мемлекеттік акциялар пакеті үшін төленетін соманы осы қаулының 1-тармағына сәйкес 1996 жылға арналған республикалық бюджеттің кіріс және шығыс бөліктерінде көрсете отырып есептесін.

Осы қаулының 1-тармағына және "Кең дала" акционерлік қоғамы туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 29 желтоқсандағы N 1884 және Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитетінің 1996 жылғы 4 қаңтардағы N 4 қаулыларына сәйкес "Кең дала" акционерлік қоғамының мемлекеттік акциялар пакетін жарғылық қордың 33% мөлшерінде немесе 620 дана акция болашақта сату үшін "Кең дала" акционерлік қоғамына берілсін.

Мемлекеттік акциялар пакетін сатудан түскен қаражат "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясын қайта ұйымдастыру мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995 жылғы 4 тамыздағы N 1081 P951081_ қаулысына (5-тармақ) сәйкес "Кең дала" акционерлік қоғамы "Кең дала" мемлекеттік акционерлік компаниясының барлық міндеттемелері бойынша мұрагері болып

табылатындығын ескере отырып "Кең дала" акционерлік қоғамының иелігінде қалдырылсын.

4. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару

жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті үш күн мерзімде "Кең дала" акционерлік қоғамының акционерлеріне мемлекеттік акциялар пакетін өткізуді ресімдесін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі